

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлендіру жүйесінің әзірлемелерін енгізуді орталықтандыру және тәртіпке келтіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 5 желтоқсан N 1665.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.06.03. N 513 қаулысымен. ~P980513

Мемлекеттік бірегейлендіру жүйесінің әзірлемелерін енгізудің маңыздылығын ескере отырып, сондай-ақ мемлекеттік белгі жүйесін, атрибуттарды, нысанды киім, мемлекеттік құрылымдардың іскерлік құжаттамаларын, ресми рәсімдер мен мемлекеттік рәміздерді пайдалану дәстүрлері әзірлемелерін орталықтандыру мен тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Мемлекеттік бірегейлендіру жүйесінің әзірлемелерін енгізу орталықтандыру мен тәртіпке келтіру жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан былай - Үйлестіру кеңесі) қосымшадағы құрамға сәйкес құрылсын.

2. Үйлестіру кеңесі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

3. Үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік бірегейлендіру жүйесінің әзірлемелерінің кезектілігі туралы ұсыныс енгізуге, мемлекеттік бірегейлендіру жүйесінің әзірлемелері үшін министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, басқа орталық және жергілікті атқарушы органдардан қажетті ақпарат алуға, жекелеген мәселелерді қарау және шешу үшін, сондай-ақ консультация және сараптама үшін министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, басқа орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ғылыми-зерттеу институттары мен шығармашылық ұйымдардың мамандарын тартуға құқылы деп танылсын.

4. "Каздизайн" шығармашылық-өндірістік бірлестігі" акционерлік қоғамы " Республика мемлекеттік стилінің кешенді дизайн-бағдарламасын әзірлеу туралы" Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1992 жылғы 15 қазандағы N 1667-XII қаулысына сәйкес мемлекеттік бірегейлендіру жүйесінің бағдарламасын орындаушы ретінде ұсынылсын.

5. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, басқа да орталық және

атқарушы органдар жыл сайын республикалық бюджетті қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеген кезінде Қазақстан Республикасының

мемлекеттік бірегейлендіру жүйесін жүзеге асыру үшін қажетті шығындарды ескерсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 5 желтоқсандағы
N 1665 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы
Мемлекеттік бірегейлендіру жүйелерінің әзірлемелерін
енгізуді орталықтандыру және тәртіпке келтіру жөніндегі
үйлестірудің кеңесінің
Құрамы

Тасмағамбетов И.Н. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
орынбасары, төраға
Мұхамеджанов О.Б. - Үкімет Аппараты Әлеуметтік-мәдени даму
бөлімінің меңгерушісі, төрағаның орынбасары

Кеңес мүшелері:

Павлов А.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
Қаудыров Т.Е. - Қазақстан Республикасының Ұлттық патент
ведомствосының төрағасы
Рысбеков М.А. - Қазақстан Республикасының Стандарттау,
метрология және сертификаттау жөніндегі
комитетінің төрағасы
Сағадиев К.Ә. - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым
академиясының президенті
Сқақбаев М.С. - Қазақстан Республикасының Авторлық және
сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік
агенттігінің төрағасы
Сүлейменов Т.Б. - Қазақстан Дизайншілер одағының президенті
(хатшы)
Терещенко С.А. - Халықаралық "Интеграция" қорының президенті

Нұрбеков М. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің
бірінші орынбасары

<*>

Хасанаев М. - Қазақстан Республикасының Архивтер мен
құжаттама бас басқармасының бастығы

Штойк Г.Г. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және
сауда министрі

Шөкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасының Экономика министрі

Мұқашев Т.Т. - "Алматыгороформление" мемлекеттік
акционерлік қоғамының президенті

<*>

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс пен толықтырулар енгізілді - ҚРҰ-нің
1996.06.25. N 788 қаулысымен.

P960788_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 5 желтоқсандағы
N 1665 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы
Мемлекеттік бірегейлендіру жүйесінің әзірлемелерін
енгізуді орталықтандыру және тәртіпке келтіру
жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы
Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік
бірегейлендіру жүйесінің әзірлемелерін енгізуді орталықтандыру және тәртіпке
келтіру жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан былай - Үйлестіру кеңесі) мемлекеттік
бірегейлендіру жүйесін қалыптастыру және енгізу саласындағы жұмыстар мен

Қазақстан Республикасының мемлекеттік барлық рәміздерді насихаттауды қамтамасыз ететін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Үйлестіру кеңесі министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру қызметтерін "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлендіру жүйесі" мемлекеттік кешенді дизайн-бағдарламасының шеңберінде орталықтандырып, тәртіпке келтіреді және үйлестіреді.

3. Үйлестіру кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының

Конституциясына, заңдарына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Үйлестіру кеңесі өз мәжілістерін оның жұмыс жоспарына сәйкес өткізеді.

5. Үйлестіру кеңесінің қызметін ақпараттық-ұйымдастыруды қамтамасыз ету Үкімет Аппаратының Әлеуметтік-мәдени даму бөліміне жүктеледі.

II. Үйлестіру кеңесінің функциялары

6. Үйлестіру кеңесінің функцияларына мыналар кіреді:

тұжырымдамаларды, жобалар мен дизайн-бағдарламаларды қарау және бекіту, мемлекеттік құрылымдардың рәміздер мен шолыма стандарттарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсыну;

мемлекеттік хаттамалар мен рәсімдердің мазмұндық және шолыма элементтерін қарау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісуіне енгізу.

III. Үйлестіру кеңесінің құқығы

7. Үйлестіру кеңесіне мынадай құқық беріледі:

министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, басқа да орталықтандырылған және жергілікті атқарушы органдардан мемлекеттік стиль бағдарламасының жобасын әзірлеу үшін қажетті ақпарат алу;

мемлекеттік бірегейлендірудің жекелеген мәселелерін қарау және

шешу, сондай-ақ консультациялар мен сараптамалар жүргізу үшін министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, басқа да орталықтандырылған және жергілікті атқарушы органдардың, ғылыми-зерттеу институттары мен шығармашылық ұйымдардың мамандарын заңда белгіленген тәртіппен тарату.

IV. Үйлестіру кеңесінің басшылығы

8. Үйлестіру кеңесін Төраға басқарады, оның бір орынбасары және хатшысы болады.

9. Үйлестіру кеңесінің дербес құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.